



18/1-213 31.08.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ
МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Е 266-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 2- беті

1. «ОҚМА» АҚ Оқу - әдістемелік орталығы ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру кезеңділігі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 3- беті

МАЗМҰНЫ

1	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2	ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР.....	5
3	ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР.....	6
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	7
5	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРИНЦИПТЕРІ.....	7
6	ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ.....	8
7	КАФЕДРАДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	9
8	КАФЕДРАДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	10
9	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	11
10	ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ САПАСЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГТЕУ РӘСІМДЕРІ.....	12
11	ЖАУАПКЕРШІЛІК	16

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 4- беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесідей нормативтік құқықтық актілердің талаптары ескеріле отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен).

- "ОҚМА" АҚ 29.05.2026 "ОҚМА" АҚ-да жазбаша және ауызша түрде емтихандарды ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже;

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- Е 465-2026 Профессор-оқытушылар құрамы мен кафедралар қызметін рейтингтік бағалау туралы ереже;

- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

ISO 9000:2015 - Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік

ISO 9001-2016 - Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 5- беті

- | | |
|-------------|--|
| СБ 001-2024 | - Сапа менеджметі жүйесінің басшылығы |
| СТ 002-2024 | - Ішкі нормативті құжаттарды басқару |
| СТ 004-2024 | - Қызметтік құжаттарды басқару |
| СТ 007-2024 | - Жазбаларды басқару |
| СТ 009-2024 | - Жақсартуды жоспарлау |
| СТ 010-2024 | - Басшылық тарапынан талдау |
| СТ 012-2025 | - Әкімшілік және басқарушылық персоналдың, оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру |
| СТ 020-2024 | - Ішкі аудит |
| СТ 021-2024 | - Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер |
| СТ 023-2024 | - Білім беру қызметінің сапасына ішкі қызмет көрсету стандарты АҚ «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» |

2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер және анықтамалар қолданылды:

Академиялық адалдық - бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық - пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік - барлығына тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік - өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім - қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет - басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- Ашықтық - шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Әдістемелік Кеңес (бұдан әрі ӘК) – "ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік жұмысын алқалы басқару нысаны.

Білім беру бағдарламалары Академиялық комитеті (бұдан әрі – ББ АҚ) - академияның кеңесші әдістемелік органы болып табылады.

Жасанды интеллект - адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 6- беті

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы - нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

Оқу-әдістемелік орталық (бұдан әрі - ОӘО) - ОӘО жұмысының негізгі мақсаты "ОҚМА" АҚ оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады.

Оқу-әдістемелік жұмыс (бұдан әрі – ОӘЖ) – профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-теориялық және жалпы мәдени деңгейін, психологиялық-педагогикалық даярлығы мен кәсіби шеберлігін арттыруға, сондай-ақ білім алушыларды оқыту және дамыту мақсаттарына қол жеткізу үшін дидактикалық, әдістемелік және оқу-материалдық құралдарды пайдалану арқылы оқытушылардың педагогикалық біліктілігін жетілдіруге бағытталған жүйелі ұжымдық және жеке қызмет.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс (бұдан әрі – ҰӘЖ) - әдістемелік жұмысты басқару жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

3 ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

Осы Ережеде келесідей қысқартулар мен белгілеулер пайдаланылды:

«ОҚМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;
ӘК	- Әдістемелік Кеңес;
ББ АҚ	- білім беру бағдарламалары Академиялық комитеті;
ДСДРО	- Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы
ЖООСБ	- жоғары оқу орны ішіндегі сапаны бақылау;
ЖООСБК	- жоғары оқу орны ішіндегі сапаны бақылау комитеті;
ҚР МЖМС	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
ҚР ҒЖБМ	- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
ОӘО	- Оқу-әдістемелік орталық;
ОБӨЖ	- оқытушының жетекшілігімен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 7- беті

ПОҚ	- профессор-оқытушы құрамы;
ПОӘК	- пәннің оқу-әдістемелік кешені;
СМЖ	- сапа менеджмент жүйесі;
ҰӘЖ	- ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарына, «ОҚМА» АҚ жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

Осы Ереже «ОҚМА» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мақсаты - «ОҚМА» АҚ әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың негіздерін анықтау - оның түрлері мен мазмұны, осындай жұмысты жүргізетін органдардың құрылымы мен қызметі, олардың арасындағы өзара әрекеттесу тәртібі, әдістемелік жұмысты жоспарлау, бақылау, есепке алу және есеп беру ерекшеліктері.

Осы Ереженің күші оқу-әдістемелік жұмысты жоспарлауға, ұйымдастыруға, орындауға, мониторингтеуге және бағалауға қатысатын «ОҚМА» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелеріне, алқалы органдарына және қызметкерлеріне қолданылады.

Оқу-әдістемелік жұмысты басқару болжауды, жоспарлауды, ұйымдастыруды, іс-шараларды іске асыруды, мониторингті, бақылауды және түзетуді қамтиды.

Оқу-әдістемелік жұмысқа тікелей басшылықты академиялық жұмыстар жөніндегі проректор жүзеге асырады.

Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру алқалылық пен ашықтық қағидаттарына негізделеді. Құрылымдық бөлімшелердің, алқалы басқару органдарының атауларын, бағыныстылығын және жұмысты ұйымдастыру нысандарын «ОҚМА» АҚ дербес айқындайды.

5 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРИНЦИПТЕРІ

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету принциптері:

- білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі қызметке сыртқы және ішкі стейкхолдерлерді тарту;
- білім алушыларға қатысты мүмкіндіктер мен әділдіктің теңдігін

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		Е 266-2026 3-ші басылым 18 беттің 8- беті

қамтамасыз ету;

- академиялық адалдық пен еркіндікті, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген нысандарына төзбеушілікті қолдау;
- үдерістер, сапа мен стандарттар үшін жауапкершілікті анықтау;
- сыртқы және ішкі тәуелсіз бақылауды қолдана отырып, жан-жақты талдау негізінде маңызды басқарушылық шешімдер қабылдау;
- сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарын үнемі қайта қарау;
- мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі.

6 ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ

Әдістемелік жұмыс оқу процесін оқу-әдістемелік құжаттамамен қамтамасыз етуге, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыруға, білім алушылардың аудиториялық және өзіндік жұмысын жетілдіруге, практикалық денсаулық сақтауды дамытудың жай-күйі мен перспективаларын ескере отырып, "ОҚМА" АҚ оқу жұмысының барлық нысандарын, түрлері мен әдістерін жақсартуға бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады.

Әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты - оқытуды, мазмұнды, ұйымдастыруды және оқыту әдістерін жетілдірудің кешенді тәсілі негізінде оқу процесінің тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал ететін жағдайлар жасау.

Оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері:

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру процесінің жаңа технологияларын, әдістерін, оқыту стратегияларын, құралдары мен нысандарын әзірлеу және енгізу, қолданыстағыларын жетілдіру;
- цифрлық технологияларды пайдалана отырып, инновациялық технологиялар мен оқыту нысандарын дамыту;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау жүйелерін әзірлеу және дамыту;
- оқу процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру;
- оқытушының шығармашылық ойлауын, біліктілігі мен кәсіби шеберлігін дамыту негізінде педагогикалық ұжымның әдістемелік әлеуетін тұрақты жетілдіру.
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын ескере отырып оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сараптама жүргізу;
- оқыту сапасын және білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 9- беті

- түлектерді қорытынды аттестаттауға қойылатын жалпы талаптарды қалыптастыру;

- білім беру процесінің оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;

- «ОҚМА» АҚ оның құрылымдық бөлімшелері мен оқытушыларының білім беру қызметінің сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу;

- оқу-әдістемелік жұмысты және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәселелерін жетілдіру бойынша әдістемелік конференциялар, семинарлар мен вебинарларды ұйымдастыру және өткізу;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, инновациялық білім беру жүйелерін құру мәселелері бойынша әдістемелік жұмыстар мен жобаларды орындау және олардың нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

«ОҚМА» АҚ-да әдістемелік жұмыс пен құжаттаманың сапасына мониторингті, талдауды және бағалауды кафедралар, факультеттер, ӘК, ББ АҚ және ОӘО жүзеге асырады.

"ОҚМА" АҚ-да әдістемелік жұмыс келесі құжаттармен регламенттеледі:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі құжаттарымен;

- "ОҚМА" АҚ бойынша бұйрықтар мен өкімдермен;

- Әдістемелік Кеңес пен Ғылыми Кеңестің шешімдері мен ұсынымдарымен;

- әдістемелік жұмыс жөніндегі жоспарлармен.

«ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

7 КАФЕДРАДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

"ОҚМА" АҚ негізгі әдістемелік жұмысты кафедраның жылдық жұмыс жоспарының тиісті бөлімі негізінде кафедралар жүргізеді, ол кафедрада қаралады және оқу жылының басында факультет кеңесінде бекітіледі.

Кафедраның жылдық жоспарының әдістемелік жұмыс жоспарының бөлімі "ОҚМА" АҚ әдістемелік кеңесі берген тақырыптар мен бағыттарға сәйкес, сондай-ақ кафедрадағы әдістемелік жұмыстың өзекті міндеттерін шешу қажеттілігін ескере отырып жасалады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 10- беті

Кафедрадағы әдістемелік жұмыс кафедраға бекітілген пәндерді оқытуды жетілдіруге, оқу процесін оңтайландыруға және қарқындатуға, оның әдістемелік қамтамасыз етілуін жақсартуға, профессор- оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға бағытталған.

Кафедрадағы әдістемелік жұмысты кафедра меңгерушісі басқарады. Ол оның жай-күйіне: тиімділігі мен сапасы, оқу процесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету деңгейі, орындалу мерзімдерін сақтауға жауап береді.

Кафедра оқытушысының әдістемелік жұмысы оның функционалдық міндеті болып табылады, жеке жұмыс жоспарына енгізіледі және оқытушы қызметінің сапасын бағалаудың басты өлшемдерінің бірі болып табылады.

Әдістемелік жұмысқа мыналар жатады:

- оқу процесін басқару бойынша құжаттарды әзірлеу, кафедраның әдістемелік жұмысы мәселелері бойынша есептер, баяндамалар мен анықтамалар дайындау;

- әдістемелік семинарлар, конференциялар, мастер-кластар, Педагогикалық шеберлік конкурстарын ұйымдастыруға қатысу;

- кафедрааралық әдістемелік мәселелерді шешу үшін басқа кафедралардың әдістемелік семинарларымен өзара әрекеттесу.

Әдістемелік семинардың шешімдері мен ұсынымдары кафедра отырыстарында талқыланады және оларды кафедра меңгерушісі бекіткеннен кейін кафедраның барлық құрамы орындауы міндетті болып табылады.

8 КАФЕДРАДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Оқу-әдістемелік жұмысқа мыналар жатады:

- оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;
- оқу-әдістемелік құралдарды дайындау және басып шығару;
- кафедра қамтамасыз ететін пәндер бойынша дәрістердің, практикалық семинарлардың, зертханалық сабақтардың, өзіндік жұмыстардың әдістемелік әзірлемелерін жасау және оларды кафедрада талқылау;

- оқу құралдарында көрнекі құралдар мен оларды қолдану әдістемелерін дайындау;

- білім алушылардың дипломдық жобалары, өндірістік практикасы бойынша қорытынды емтихандарға, тақырыптар мен тапсырмаларға сұрақтар әзірлеу;

- оқу процесіне оқытудың инновациялық әдістерін енгізу;
- ашық оқу сабақтарын өткізу;
- педагогикалық біліктілікті арттыру бойынша семинарларға, мастер-кластарға, сондай-ақ оқу-әдістемелік жұмыс бойынша конкурстарға қатысу;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 11- беті

- оқу-әдістемелік жұмыс бойынша оқытушылар үшін әдістемелік сабақтар өткізу.

9 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру бағдарламасындағы әдістемелік жұмыстың негізгі мазмұны білім беру бағдарламаларын дайындау, әзірлеу және жетілдіру бағыттары бойынша мамандар даярлауды жетілдіру мақсатында факультет кафедраларының әдістемелік жұмысын үйлестіру және бақылау болып табылады.

Факультет және дайындық бағыттары бойынша әдістемелік жұмысты декан басқарады. Ол әдістемелік жұмыстарға, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және жетілдіруге, олардың мазмұнына жауап береді және академиялық жұмыстар жөніндегі проректордың алдында есеп береді.

Факультеттің әдістемелік жұмысы кафедралардың жылдық жоспарына сәйкес жүргізіледі және факультет деканына есеп береді.

Әдістемелік жұмыстың негізгі мәселелерін шешуге факультет кеңесі қатысады, негізгі әдістемелік мәселелерді талқылайды, факультетте дайындалған кафедрааралық және жалпы факультеттік масштабтағы оқу-әдістемелік құжаттарды және т. б. қарастырады.

«ОҚМА» АҚ әдістемелік жұмыс міндеттерін шешуде факультет кафедраларының күш-жігерін біріктіру мақсатында білім беру бағдарламалары академиялық комитеті (ББ АҚ) құрылды, ББ АҚ жұмысын ұйымдастыру, мақсаттары, міндеттері мен функциялары "ОҚМА" АҚ ректоры бекіткен «Академиялық комитет туралы Ережеде» ұсынылған.

Қызметтің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- факультеттің әдістемелік жұмыс жоспарын іске асыруды ұйымдастыру;
- факультеттегі ағымдағы әдістемелік жұмысты жедел шешу;
- факультетаралық әдістемелік мәселелерді шешу үшін басқа факультеттермен өзара іс-қимыл жасау;
- факультет мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының жобаларын, пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуге әдістемелік басшылық жасау, кафедрааралық және факультетаралық деңгейлердегі оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу;
- білім алушыларды даярлаудың белгілі бір түрлерінің өтпелі бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастыру және бақылау;
- факультет деңгейінде бақылау сабақтарын және ашық сабақтарды ұйымдастыру;
- жоғары оқу орындары арасында және жоғары оқу орындары ішінде

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 12- беті

әдістемелік конференциялар мен семинарлар және басқа да әдістемелік бағыттағы іс-шараларды өткізу және дайындау;

- кафедралар мен жекелеген орындаушылардың әдістемелік жұмысын тексеру және бағалау, кафедраларда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беру;
- әзірленген оқу-әдістемелік құжаттарды қарау;
- әдістемелік жұмыс мәселелері бойынша кафедра меңгерушілері мен жекелеген оқытушылардың ақпаратын тыңдау;
- әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау және жоғары тұрған органдардың қарауына беру.

10 ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ САПАСЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГТЕУ РӘСІМДЕРІ

Білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын профессор-оқытушылар құрамы жұмысының сапасын ішкі бағалау мынадай рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады

- пәндерді оқыту, кәсіптік практика жүргізу процесінде педагог қызметкерлердің жұмыс сапасын бағалау;
- ПОҚ біліктілік деңгейіне мониторинг жүргізу;
- ПОҚ кәсіби жетістіктерін талдау.

ПОҚ қызметінің сапасын бағалау білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады.

Бағалау рәсімдерінің мақсаты:

- ПОҚ қызметіндегі кәсіби және педагогикалық құзыреттер туралы объективті ақпарат алу;
- оқытылатын пәндер бейініне сәйкес ПОҚ оқыту сапасының сәйкестігін анықтау;
- профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби деңгейі мен өсу динамикасын талдау.

Пәндерді оқыту сапасын бағалау (мониторингілеу) құрылымдық бөлімшелердің басшылары, білім беру бағдарламасының басшылары, құрылымдық бөлімше және жоо деңгейіндегі арнайы комиссиялардың өкілдері, оқу-әдістемелік кеңестің өкілдері және тиісті өкілеттіктер берілген басқа да қызметкерлер тарапынан сабақтарға бақылау сабақтары шеңберінде жүзеге асырылады.

Ұйымдастыруға қатысу құрылымдық бөлімшелердің (кафедралар, СМЖ, ЖООСБК, ОӨО, ББ АК және т.б.) жоспарлы іс-шараларының іске асырылуына байланысты жоспарлы және жоспардан тыс (кенеттен) тәртіпте жүргізіледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		Е 266-2026 3-ші басылым 18 беттің 13- беті

Пәндерді оқыту сапасының мониторингі шеңберінде пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің (ПОӘК) және оларға оқу-әдістемелік материалдардың сапасын бағалауды жүргізе алады.

Пәндерді оқыту сапасын бағалау пәнді (модульді), сондай-ақ бағалау құралдарын (чек-парақтарды) пайдалануды қоса алғанда, кәсіптік практиканы қамтамасыз етуге байланысты критерийлер бойынша жүзеге асырылады, бұл пәнді (модульді) оқып, практикадан өткеннен кейін оқу нәтижелері мен құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқу сабақтарын өткізу деңгейі және оқытушының басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру сапасы бағаланады.

Пәннің (модульдің), кәсіптік практиканың қамтамасыз етілуін бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- ПОӘК құрылымының «ОҚМА» АҚ-да әзірленген және бекітілген (Білім беру деңгейлері бойынша) «ПОӘК әзірлеу қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

ПОӘК құрылымына мынадай құжаттар кіреді:

- үлгілік оқу бағдарламалары (ЖББ циклі үшін);
- модульдік оқу бағдарламалары;
- силлабустар;
- тәжірибелік сабақтарға, білім алушының өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар;
- тапсырмалардың спецификациясы бар бақылау-өлшеу құралдары;
- пәнді оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету картасы.

Ескерту: ПОӘК құрылымы білім деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін.

- пәнді оқытудың, практиканы іске асырудың техникалық шарттарының сапасы (мамандандырылған кабинеттерді, зертханаларды, оның ішінде компьютерлік сыныптарды және т. б. пайдалану);

- кафедраның дәріс оқитын құрамы;

- кафедра меңгерушісі тарапынан пәнді оқыту сапасын бақылау нысандары (кафедраішілік бақылау жүйесі, ашық сабақтар өткізу жүйесі, сабақтарға өзара қатысу, кафедраның оқу-әдістемелік семинарлар өткізуі);

-бақылау актілері мен бағалау парақтарын (чек-парақтарды) ресімдей отырып, ОӘО тарапынан сабаққа қатысуды бақылау жүйесі, оқу жылымен және/немесе семестрмен өлшенетін жоспарлы кезең шеңберінде сабаққа қатыса отырып, жоспарлы және жоспардан тыс (кенеттен) тексерулерді жүзеге асыру.

Оқу сабағын өткізу сапасын бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		Е 266-2026 3-ші басылым 18 беттің 14- беті

- оқу сабағының мазмұны жұмыс оқу бағдарламасында мәлімделген пәнге (силлабусқа) тақырыптық жоспарға сәйкестігі;

- оқу сабағының (модульдің) мазмұнында пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру;

- ұсынылатын тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулардың болуы;

- оқытылатын материалдың мазмұнына оқыту нысандары мен әдістерінің сәйкестігі;

- көрнекілікті, үлестірме материалдарды, оқытудың техникалық құралдарын пайдаланудың негізділігі;

- білім алушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама жүргізу (зертханалық жұмыстар үшін);

- зертханалық жұмысты орындау барысында қауіпсіздік техникасын сақтау (зертханалық жұмыстар үшін);

- оқу аудиториясын сабақты өткізу үшін қажетті жабдықтармен жарақтандыру;

- мәлімделген практикалық сабақты/зертханалық жұмысты өткізу үшін білім алушылардың теориялық және практикалық даярлығының деңгейі;

- оқытушы мен білім алушылар арасында кері байланыстың болуы;

- оқытуда жеке тәсілдің болуы;

- пән бойынша оқу нәтижелерін бағалаудың ашықтығы.

Оқытушының басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысын (ОБӨЖ) ұйымдастыру сапасын бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- ОБӨЖ өткізу кестесінің болуы;

- ОБӨЖ сабағының мазмұнының тақырыптық жоспарға сәйкестігі;

- ОБӨЖ орындау бойынша әдістемелік ұсынымдардың болуы; тапсырмаларды орындау барысында оқытушы мен білім алушылардың өзара іс-қимыл дәрежесі мен нысаны;

- білім алушылардың өзіндік жұмысын бағалаудың ашықтығы.

Кафедра басшылары мен кафедралардың жетекші ПОҚ тарапынан сапаны бағалау қорытындылары өзара сабаққа қатысу шолуларының журналдарында және кафедраішілік бақылаудың жоспарлы іс-шаралары шеңберінде оқу, әдістемелік жұмысты бақылау/бағалау жүргізу кезінде пікірлерде ресімделеді.

ОӨО, ББ АҚ, ЖООСБ, деканаттар, СМЖ және басқа да бөлімшелер тарапынан пәнді оқыту сапасын бағалау чек-парақтар бойынша бағаланады. Чек-парақтар бойынша жиынтық талдауды ОӨО жүргізеді және жоо Әдістемелік кеңесінің отырысында нәтижелерін ұсынады.

ОӨО және деканаттар тарапынан бақылау актісі толтырыла отырып жүзеге асырылады, оның көшірмесі деканатқа беріледі. Осы тексерулердің

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		Е 266-2026 3-ші басылым 18 беттің 15- беті

нәтижелері бойынша деканат кемшіліктерді жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізеді.

Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімі тарапынан жыл сайын жоспарлы іс-шаралар шеңберінде білім беру сапасы саласындағы уәкілетті құрылымдық бөлімшелермен және ішкі аудит шеңберінде кафедралардың оқу, әдістемелік және басқа да қамтамасыз етілу сапасын бағалауды жүзеге асырады. Нәтижелері Әдістемелік кеңес отырыстарында талқыланады.

Профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілік деңгейінің мониторингі атқаратын лауазымының, оның ішінде ПОҚ қызметінің индикаторларының сәйкестігін бағалауды көздейді.

Педагогикалық құзыреттілікті бағалау «ОҚМА» АҚ-да бекітілген ПОҚ педагогикалық құзыреттілігін дамыту бағдарламасына сәйкес медициналық жоо оқытушысының педагогикалық құзыреттілігі мәселелері бойынша тестілеу түрінде жүргізіледі. Педагогикалық құзыреттілік деңгейін бағалау ҚР ДСМ ДСДРО тәуелсіз емтихан орталығының қатысуымен өткізілуі мүмкін.

ПОҚ қызметінің критерийлері мен көрсеткіштерінің әзірленген және негізделген жүйесі бағалау рәсімдерінің субъективтілігін төмендетуге мүмкіндік береді.

ПОҚ біліктілік деңгейін мониторингтеу нәтижелері:

- лауазымдық өсу перспективасын анықтау, қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды ынталандыру;
- ПОҚ біліктілігін арттыру, кәсіптік даярлау немесе қайта даярлау қажеттілігін айқындау үшін пайдаланылуы мүмкін;
- басшы лауазымдарға ұсыну үшін кадр резервін қалыптастыру және мансаптық өсуді жоспарлауды қамтамасыз ету;
- персоналды дамыту және еңбек уәждемесін күшейту және басқа да басқарушылық шешімдер қабылдау. ПОҚ қатарындағы педагог қызметкерлердің кәсіби жетістіктерін бағалау ПОҚ рейтингін айқындау кезінде ПОҚ-на жататын педагог қызметкерлердің лауазымдарына орналасуға конкурстық рәсімдер жүргізу кезінде жүргізіледі.

Педагог қызметкердің қызметін жиынтық бағалау кезінде оның барлық бағыттар бойынша жұмысының сапасын бағалау маңызды (білім беру қызметі, ғылыми жұмыс, оқу-тәрбие жұмысы және т.б.).

Оқытушының кәсіби жетістіктерін бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағының болуы;
- оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың, әдістемелік ұсынымдардың, нұсқаулықтардың, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің болуы;
- электрондық оқулықтардың, оқыту бағдарламаларының, курстық

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		Е 266-2026 3-ші басылым 18 беттің 16- беті

кейстердің, дәрістердің электрондық курстарының, оқу курстарының презентацияларының, бейнекурстардың болуы;

- ғылыми мақалалардың, монографиялардың болуы;
- өнертабыстарға патенттердің болуы;
- ҚР және шет елдердің рейтингтік басылымдарында жарияланымдардың болуы;
- докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестердің жұмысына қатысу;
- магистрлерді даярлаудағы нәтижелілік;
- қаржыландырылатын ғылыми жобаларға қатысудың нәтижелілігі;
- бірлескен білім беру бағдарламаларына қатысудың нәтижелілігі;
- біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы;
- академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу;
- оқытушының қоғамдық белсенділігі;
- оқытушының пәндері бойынша білім алушылардың академиялық үлгерімі;
- білім алушылардың оқытушының басшылығымен орындаған ғылыми жарияланымдарының болуы;
- оқытушының интерпретациясында білім алушылардың оқу пәндерін оқыту сапасына қанағаттану дәрежесі (социологиялық сауалнама нәтижелері бойынша);
- оқытушылардың оқу сабақтарын өткізудің әдістемелік деңгейі.

ПОҚ жұмысының сапасын ішкі тәуелсіз бағалау нәтижелері оқытушыларды барлық бағыттарда (оқу, әдістемелік, ғылыми, тәрбие, қоғамдық жұмыс) ынталандыру және жандандыру кезінде пайдаланылады.

Жұмыс сапасына мониторингтік зерттеулер жүргізу ПОҚ әлеуетін бағалауды, оның дамуын болжауды, деректерді жоспарланған көрсеткіштермен салыстыруды қабылданған басқару шешімдерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

11 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Осы Ереженің талаптарын орындауға құрылымдық бөлімшелердің басшылары, білім беру бағдарламаларының басшылары, алқалы органдардың төрағалары және белгіленген іс-шаралардың жауапты орындаушылары өз құзыреті шегінде жауапты болады.

Жауапты тұлғалар жоспарлардың уақтылы және сапалы орындалуын, есептік деректердің дұрыстығын, мониторинг материалдарының объективтілігін және анықталған сәйкессіздіктерді белгіленген мерзімде жоюды қамтамасыз етеді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 17- беті

Осы Ереженің талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 266-2026
Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және мониторинг жүргізу туралы ереже		3-ші басылым 18 беттің 18- беті

Әзірлеген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Оқу-әдістемелік орталық басшысы	Б.З.Долтаева

Тексерген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У.Анартаева
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Долтаева Бибигуль Зайдуллаевна	Разработано	29.08.2026, 12:46:52	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	31.08.2026, 09:44:01	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	31.08.2026, 17:47:21	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	29.08.2026, 12:11:08	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	31.08.2026, 11:04:46	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	31.08.2026, 18:20:35	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	31.08.2026, 18:20:38	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

